«Бекітемін»
«Нұр-Аяла» балабақшасы»
ЖШС-нің меңгерушісі
_____ Б.Жұнисов

2025-2026 оқу жылындағы «Сұңқар» ересек тобының ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 – 2026 оқу жылын арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: “Нұр-Аяла” балабақшасы" ЖШС
Топ: “Сұңқар” ересек топ
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене тәрбиесі	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. **Негізгі қимылдар:** Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Бір-бірден сапқа тұру. **Ырғақтық жаттығулар:** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. **Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. **Дербес қимыл белсенділігі:** Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату.

	Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қолорамалды пайдалана білуді бекіту. **Тамақтану әдебін сақтау:** Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.

Тіл дамыту және көркем әдебиет	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдануды үйрету. **Сөздік қор:** Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу.

Математика негіздері	**Жиын:** Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету. **Сан, санау:** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. **Шама:** Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру дағдысын дамыту. **Геометриялық фигуралар:** Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді жетілдіру. **Кеңістікте бағдарлау:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді үйрету (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан, «Лего» конструкторлардан құрастыру:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру дағдыларын дамыту. **Қағаздан құрастыру:** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге айналдыра білу. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.

Қоршаған әлеммен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.
Сурет салу	Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі, бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру.

Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді қиюда қолдану. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындауды қалыптастыру.
Музыка	**Музыка** **Музыка тыңдау:** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру. **Ән айту:** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды таныстыру. **Билер:** Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету.

Білім беру ұйымы: “Нұр-Аяла” балабақшасы" ЖШС
Топ: “Сұңқар” ересек топ
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеріп тұрған қалыпта алға еңкейіп, қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жайып жіберу. Екі қол белде оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, қатарынан (4–5 рет) жүрелеп отыру. Отырып аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. **Негізгі қимылдар:** **Тепе-теңдікті сақтау:** Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30–35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20–25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. **Ырғақтық жаттығулар:** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. **Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. **Дербес қимыл белсенділігі:** Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза

	ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қолорамалды пайдалана білуді бекіту. **Тамақтану әдебін сақтау:** Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.

Тіл дамыту және көркем әдебиет	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдануды пысықтау. **Сөздік қор:** Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, өз ойларын толық және түсінікті жеткізуге баулу.

Математика негіздері	**Жиын:** Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. **Сан, санау:** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. **Шама:** Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды үйрету. **Геометриялық пішіндер:** Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді дамыту. **Кеңістікте бағдарлау:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан, «Лего» конструкторлардан құрастыру:** Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау дағдысын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау. **Қағаздан құрастыру:** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, орамдарға айналдыра білу. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата) материалдардан әртүрлі бұйымдар құрастыруға баулу. Қалдық материалдарды пайдалану арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Қоршаған әлеммен таныстыру	**Заттық әлем:** Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу. Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.
Суретсалу	Гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
Мүсіндеу	Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеуді үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды дамыту.
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілеті мен қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындауды меңгерту.

Музыка	**Музыканы тыңдау:** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру. **Ән айту:** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Марш сипатын ырғақты жүріс арқылы беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындауды үйрету. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспаптарды (ағаш қасықтар) қолдану, қарапайым әуендерді орындауын ұйымдастыру. **Билер:** Музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды меңгерту.

Білім беру ұйымы: “Нұр-Аяла” балабақшасы" ЖШС
Топ: “Сұңқар” ересек топ
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайлары мен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. **Негізгі қимылдар:** **Жүгіру:** аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру; сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. **Ырғақтық жаттығулар:** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. **Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** «Денсаулық – зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тиюдің алдын алуға болатынын түсіну. **Дербес қимыл белсенділігі:** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау. Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше

	сабынмен жуу дағдыларын қалыптастыру. Тарақты, қолорамалды пайдалана білуді бекіту. **Тамақтану әдебін сақтау:** Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
Тіл дамыту және көркем әдебиет	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. **Сөздік қор:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдануды дамыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдысын дамыту. **Байланыстырып сөйлеу:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалауды, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауды, автор сөздерін айтуды, кейіпкерлердің мінезін беруді, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.

Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Ойыншықтармен заттарды 4–5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Математика негіздері	**Жиын:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді меңгерту. **Сан, санау:** Тең ұғымын екі тәсілмен: саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. **Шама:** Биіктігі бойынша екі затты салыстыру. **Геометриялық пішіндер:** Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу. **Кеңістікте бағдарлау:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.

Суретсалу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құсқанаты», «бүршік» меңгерту. Элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға зейінін дамыту.
Мүсіндеу	Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын пысықтау. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.
Жапсыру	Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеуді меңгерту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері мен киіз үй жабдықтарымен (сандық, кебеже, қоржын) таныстыру.
Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан, «Лего» конструкторлардан құрастыру:** Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **Қағаздан құрастыру:** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, ілмекке айналдыра білуін дамыту. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
Музыка	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). **Ән айту:** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіруді үйрету. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**

	Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспаптарды (сылдырмақтар) қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау. **Билер:** Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтауын дамыту.
Қоршаған әлеммен таныстыру	**Байланыс және қозғалыс құралдары:** Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. **Еңбекке баулу:** Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оларға ұқыпты қарауға баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.

Білім беру ұйымы: “Нұр-Аяла” балабақшасы" ЖШС
Топ: “Сұңқар” ересек топ
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып отыру және тұру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайлары мен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайлары мен орамалдарды және басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. **Негізгі қимылдар:** **Еңбектеу, өрмелеу:** 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып алға қарай еңбектеу; табанмен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеу; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу; бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. **Ырғақтық жаттығулар:** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. **Спорттық жаттығулар:** **Шанамен сырғанау:** Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату; шанамен төбешікке көтерілу; төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. **Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**

	«Денсаулық – зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тиюдің алдын алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. **Дербес қимыл белсенділігі:** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау. Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қолорамалды пайдалана білуді бекіту. **Тамақтану әдебін сақтау:** Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.

Тіл дамыту және көркем әдебиет	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. **Сөздік қор:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сан есімдерді ретімен атауға дағдыландыру. **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез–мейірімді, аққөңіл–салмақты) ынталандыру.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.

Математика негіздері	**Жиын:** Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. **Сан, санау:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. **Шама:** Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып салыстыруды пысықтау. **Геометриялық пішіндер:** Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау. **Кеңістікте бағдарлау:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды жетілдіру. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді дамыту.
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету. Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.
Жапсыру	Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бір ізділігін ескере отырып жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып ұлттық ою-өрнекті қолданып тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.

Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан, «Лего» конструкторлардан құрастыру:** Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыс пен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. **Қағаздан құрастыру:** Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп композиция құрастыруды үйрету. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
Музыка	**Музыканы тыңдау:** Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрациялармен және қимылдармен сүйемелдеуді үйрету. **Ән айту:** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындату. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап асатаяқты қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау. **Билер:** Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл ырғақпен қозғалу.

Қоршаған әлеммен таныстыру	**Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп, себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. **Менің Отаным – Қазақстан:** Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.

Білім беру ұйымы: “Нұр-Аяла” балабақшасы" ЖШС
Топ: “Сұңқар” ересек топ
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене тәрбиесі	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару; қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу. Тізерлеп тұрып алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. **Негізгі қимылдар:** **Секіру:** Бір орында тұрып қос аяқпен секіру; 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру; аяқтарды бірге және алшақ қойып секіру; бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру; 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру; 20–25 см биіктіктен секіру; орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см) секіру; қысқа секіргішпен секіру. **Ырғақтық жаттығулар:** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. **Спорттық жаттығулар:** **Шаңғымен жүру:** Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. **Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту.

	Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау. Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қолорамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау: тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.

Тіл дамыту және көркем әдебиет	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. **Сөздік қор:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдер мен еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез–мейірімді, аққөңіл–салмақты) ынталандыру.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы». Аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Үлгі бойынша жай және жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру.

Математика негіздері	**Математика негіздері** **Жиын:** Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді дамыту. **Сан, санау:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету. **Шама:** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету. **Геометриялық пішіндер:** Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды меңгерту (жоғары–төмен, қалың–жұқа). **Кеңістікте бағдарлау:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға–артқа, оңға–солға, жоғары–төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Суретсалу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда штрихтар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға, пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды қалыптастыру.
Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді дамыту. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.
Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.

Құрастыру	**Құрастыру** **Құрылыс материалдарынан, «Лего» конструкторлардан құрастыру:** Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. **Қағаздан құрастыру:** Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп композиция құрастыруды үйрету. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту.
Музыка	**Музыка** **Музыка тыңдау:** Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). **Ән айту:** Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуді меңгерту. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сазсырнайды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мүмкіндік беру. **Билер:** Жұппен би қимылдарын орындауды, билерде ойындық музыкалық қимылдарды қолдануды қалыптастыру.

Қоршаған әлеммен таныстыру	**Жолда жүру ережелері** Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.

Білім беру ұйымы: “Нұр-Аяла” балабақшасы" ЖШС
Топ: “Сұңқар” ересек топ
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Дене тәрбиесі	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Қатарынан 4–5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. **Негізгі қимылдар:** **Лақтыру, домалату, қағып алу:** Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м-ден кем емес); оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған нысанаға (ортасының биіктігі 1,5 м) лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). **Ырғақтық жаттығулар:** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. **Спорттық жаттығулар:** **Шанамен сырғанау:** Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату; шанамен төбешікке көтерілу; төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. **Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. **Дербес қимыл белсенділігі:**

	Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қолорамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау: тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
	Апталық дәйексөз **«Бірлік бар жерде – тірлік бар.»** **Тіл дамыту «Достық әлемі»** Балаларды халықтар достығымен таныстыру (дос, достық, бірлік, татулық). Әртүрлі ұлт өкілдерінің бірге өмір сүретіні туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын достыққа қатысты сөздермен байыту. Белгілі дыбыстан басталатын сөздерді ажырату («д» дыбысы: дос, достық), сөйлем құрау дағдыларын дамыту. Әңгімелесу	**Тіл дамыту «Біз бірге ойнаймыз»** Балаларды бірлесіп әрекет жасауға, достарымен тату ойнауға үйрету. Достық қарым-қатынас туралы түсініктерін кеңейту. Сөздік қорын «бірге», «көмектесу», «бөлісу», «ойнау» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстарды ажырату («б» дыбысы: бірге, бала, бөліс). Антоним сөздерді қолдану (жақсы–жаман, тату–ұрыс). Сөйлем құрау дағдыларын дамыту, өз ойын толық жеткізуге үйрету.	**Тіл дамыту «Біз бір елдің балаларымыз»** Балаларды бір елде өмір сүретін әртүрлі ұлт өкілдерімен таныстыру, олардың достықта өмір сүретінін түсіндіру. Сөздік қорын «ел», «халық», «бірлік», «татулық» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстарды ажырату («б», «е» дыбыстары). Антоним сөздерді қолдану (дос–жау, тату–ұрыс). Сөйлем құрау және әңгіме айту дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», «Әңгіме құрастыр» ойыны) **Көркем әдебиет «Достық»**		**Тіл дамыту «Достық мерекесі»** Балаларды өз ойларын еркін айтуға, әңгіме құрауға үйрету. Достық туралы түсініктерін бекіту. Сөздік қорын кеңейту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіру. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, сахналау ойыны «Достық көрінісі») **Көркем әдебиет «Достық өлеңін мәнерлеп айту»** Балаларға өлеңді жатқа, мәнерлеп айтуға үйрету.

	барысында өз ойын толық жеткізуге үйрету. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», TRIZ «Егер достық болмаса не болар еді?») **Көркем әдебиет «Достық» өлеңі** Балаларға достық туралы қысқа өлең тыңдату. Өлең мазмұнын түсініп айту, жатқа айтуға үйрету. Интонацияны сақтап, мәнерлеп айтуға баулу. Кейіпкерлерге жанашырлық таныту. (мәнерлеп оқу,	(әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойын, «Миға шабуыл», «Қимылды қайтала») **Көркем әдебиет «Достық» өлеңін қайталау** Балаларға өткен өлеңді еске түсіріп, мазмұнын қайталау. Өлеңді жатқа айту, мәнерлеп айтуға баулу. Интонация, кідіріс, логикалық екпінді дұрыс қолдануға үйрету. (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, «Кім дұрыс айтады?») **Қазақ тілі «Біз қалай ойнаймыз?»** Балаларды диалог	**шығармасын мазмұндау** Балаларға тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау, оларға жанашырлық таныту. Шығарманы дұрыс қабылдау дағдыларын қалыптастыру. (мазмұндау, сұрақ-жауап, «Кім не істеді?» ойыны) **Қазақ тілі «Біз тату өмір сүреміз»** Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға		Интонацияны дұрыс қолдану, логикалық екпін қою. (мәнерлеп оқу, рөлдік оқу) **Қазақ тілі «Достық туралы әңгіме»** Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту. (диалог, сөздік ойын) **Математика негіздері «Кеңістікте бағдарлау»** Балаларды кеңістік бағыттарын

	«Жалғастыр» ойыны, рөлдік оқу) **Қазақ тілі «Досымды сипаттаймын»** Балаларды достарын сипаттауға үйрету (жақсы, мейірімді, көңілді). Жай сөйлемдермен өз ойын жеткізуге мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Диалог құру қабілеттерін дамыту. (диалог, сөздік ойын, ойын әдісі) **Математика негіздері**	арқылы сөйлесуге үйрету. Жай және жайылма сөйлемдер құрау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын ойын әрекеттеріне қатысты сөздермен байыту. (диалог, сөздік ойын, «Сұрақ қой – жауап бер» ойыны) **Математика негіздері «Ойыншықтарды санаймыз»** Балаларды 1–5 дейін санауға бекіту. Реттік санау (бірінші, екінші). «Нешінші?» және «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап	жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын «достық», «бірге», «тату» сөздерімен толықтыру. (диалог, сөздік ойын, «Сөйлеп көр» ойыны) **Математика негіздері «Заттарды салыстырамыз»** Балаларды заттардың ұзындығы, ені, биіктігі бойынша салыстыруға үйрету. Ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдарын бекіту. Геометриялық пішіндерді ажырату (дөңгелек, төртбұрыш). (дидактикалық ойын «Қайсысы ұзын?», «Салыстыр», практикалық жұмыс) **Қоршаған әлеммен**		анықтауға үйрету (оң, сол, алда, артта). Заттардың орналасуын сипаттау. (ойын «Қай жерде тұр?», практикалық жұмыс) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Қауіпсіздік және тәртіп»** Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету (электр құралдары, сіріңке). Қоғамдық тәртіпті сақтау. (әңгімелесу, ойын «Қауіпсіз бе?»)

	«Достарды санаймыз» Балаларды 1–5 дейін санауға жаттықтыру. Балалар бейнелері арқылы санау, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беру. Достарды жұппен қою арқылы тең және тең емес топтарды анықтау. (дидактикалық ойын «Санап көр», топтастыру, салыстыру) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Достық ережелері»** Балаларды дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету	беру. Ойыншықтарды салыстыру арқылы тең және тең емес топтарды анықтау. (дидактикалық ойын «Нешінші тұр?», «Санап көр», топтастыру, салыстыру) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Қоғамдық орындардағы тәртіп»** Балаларды қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Қоғамдық көлікте, ойын алаңында өзін дұрыс ұстауға үйрету. Сыпайы	**таныстыру «Табиғат – біздің досымыз»** Балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға үйрету. Қарапайым экологиялық тәртіп ережелерін сақтау (қоқыс тастамау, өсімдікті жұлмау). (әңгімелесу, бақылау, тәжірибе, ойын «Табиғатты қорға») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды еңбек түрлерімен таныстыру. Әр адамның еңбегі маңызды екенін түсіндіру. Өзара сыйластық пен теңдікке тәрбиелеу. (әңгімелесу, ойын		**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балалардың мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру. (әңгімелесу, ойын «Кім болғым келеді?»)

	(амандасу, алғыс айту, кешірім сұрау). Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін түсіндіру. Достық пен сыйластықтың маңызын ұғындыру. (әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын)	қарым-қатынас дағдыларын бекіту (амандасу, алғыс айту, кешірім сұрау). (әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын «Қалай дұрыс?») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру (сатушы, жүргізуші, тәрбиеші). Әр адамның еңбегін құрметтеу, құқықтары тең екенін түсіндіру. (әңгімелесу, ойын «Мамандықты тап»)	«Еңбек не үшін керек?»)		

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**
Серуен	**Мамыр айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап	**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру, барлық	**Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»** Балаларға ойыншықтардың дүкенде сатылатынын түсіндіру. Ақша	**Қаржылық сауаттылық элементі «Еңбек – табыс көзі»** Балаларға еңбек арқылы табыс табылатынын түсіндіру. Еңбек пен		**Қаржылық сауаттылық элементі «Сатып алу-сату»** Балаларға ақша арқылы сатып алу әрекетін бекіту. Дүкен ойынын

қарау және басқалары)	адамдардың тең екенін түсіндіру. Бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. (әңгімелесу, ойын) **Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»** Балаларға заттардың еңбектің нәтижесі екенін түсіндіру. Сатып алу-сату әрекеттерін ойын арқылы көрсету. (ойын «Дүкен») **Сурет салу «Достық гүлі»** Балалардың түстер туралы түсініктерін кеңейту. Түрлі түстерді қолдана отырып, достық	арқылы сатып алу әрекетін көрсету. Заттың еңбек нәтижесі екенін ұғындыру. (рөлдік ойын «Дүкен») **Сурет салу «Біз бірге ойнаймыз»** Балалардың бірлесіп ойнап жатқан сәтін бейнелеу. Түрлі түстерді қолдану, бояуларды араластыру арқылы жаңа реңктер шығару. (дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс) **Мүсіндеу «Ойыншық»** Балаларды	нәтиже арасындағы байланысты көрсету. (әңгімелесу, ойын «Не үшін еңбек етеміз?») **Сурет салу «Табиғаттағы достық»** Балаларды табиғат көрінісін бейнелеуге үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру, бояуларды араластыру. (дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс) **Мүсіндеу «Табиғат бұрышы»** Балаларды табиғат элементтерін мүсіндеуге үйрету (ағаш, гүл). Қысу, созу, біріктіру әдістерін қолдану.		ұйымдастыру. (рөлдік ойын «Дүкен») **Сурет салу «Достық мерекесі»** Балаларды мерекелік көріністі бейнелеуге үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру. (шығармашылық жұмыс) **Мүсіндеу «Достық»** Балаларды достық тақырыбында композиция жасауға үйрету. (практикалық жұмыс) **Жапсыру «Ортақ**

	гүлін салу. Бояуларды араластыру арқылы жаңа түс шығару. (дәстүрден тыс әдіс) **Мүсіндеу «Достар»** Балаларды ермексаздан адам бейнесін жасауға үйрету. Домалақтау, қысу, тарту әдістерін қолдану. (практикалық жұмыс) **Жапсыру «Достық шеңбері»** Элементтердің ретін сақтай отырып, достық шеңберін	ермексаздан ойыншық жасауға үйрету. Домалақтау, созу, қысу әдістерін қолдану. (практикалық жұмыс) **Жапсыру «Ойын алаңы»** Элементтердің ретін сақтай отырып, ойын алаңының композициясын құрастыру. (үлгі бойынша жұмыс) **Құрастыру «Лего алаңы»** Балаларды құрылыс материалдарынан ойын алаңын жасауға үйрету.	(практикалық жұмыс) **Жапсыру «Ұжымдық жұмыс»** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға үйрету. Композиция құру, элементтерді дұрыс орналастыру. (үлгі бойынша жұмыс, топтық жұмыс) **Құрастыру «Табиғи материалдар»** Табиғи материалдардан (жапырақ, қағаз, дәндер) құрастыру. Кеңістікте дұрыс орналастыру. (шығармашылық ойын, практикалық жұмыс)		**жұмыс»** Балаларды ұжымдық жұмысқа баулу. (топтық жұмыс) **Құрастыру «Достық қаласы»** Балаларды құрылыс материалдарынан қала құрастыруға үйрету. Кеңістікте орналастыру. (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын)

	құрастыру. (үлгі бойынша жұмыс) **Құрастыру «Достық алаңы»** Балаларды құрылыс материалдарынан ортақ ойын алаңын жасауға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру. (конструктормен жұмыс, ойын)	Кеңістікте дұрыс орналастыру (оң, сол, қатар). (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын)			
Балалар мен жеке жұмыс	Дыбысты тап Шарты: Балаға белгілі бір дыбыс айтылады Бала сол дыбыстан басталатын сөздерді атайды	Қарама қарсы сөз Шарты: Тәрбиеші сөз айтады Бала оған қарама қарсы сөзді табады	Қай жерде тұр Шарты: Бала заттардың орналасуын айтады сол оң жанында арасында сөздерін қолданады		Қимылды айт Шарты: Бала етістіктерді бұйрық райда айтады отыр тұр жүр жүгір
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.				

	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Көбелекті ұста» Шарты: Балалар алаңда еркін қозғалады Бір бала көбелек болады Қалған балалар көбелекті ұстап алуға тырысады	«Қояндар мен қасқыр» Шарты: Балалар қояндар болып секіріп жүреді Бір бала қасқыр болады Белгі бойынша қасқыр қояндарды қуады Ұсталған бала қасқыр болады	«Кім жылдам» Шарты: Балалар белгі бойынша жүгіріп берілген жерге жетуі керек Кім бірінші жетсе сол жеңімпаз болады		«Допты қуып жет» Шарты: Тәрбиеші допты домалатады Балалар допты қуып жетіп ұстап алуы керек
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тексерілді: **Г. Арысова.**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 2026 жыл 2 апта

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы
Мектепке дейінгі ұйымы: «Нұр-Аяла» балабақшасы» ЖШС
Топ:«Сұңқар» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тәрбиеші: Р.Мамбетшиеева
Қандай кезеңде жасалды: 12.05-15.05.2026 ж

Күн тәртібі		**Сейсенбі 12.05.2026 ж**	**Сәрсенбі 13.05.2026 ж**	**Бейсенбі 14.05.2026 ж**	**Жұма 15.05.2026 ж**
Тақырыбы:	**«Ерлік – елге мұра»**				
Апта дәйек сөзі:	**«Батырлар әлемі»**				
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)				

	Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары		«Кім не істейді» Шарты: Балаларға әр түрлі әрекеттер айтылады Олар қай мамандыққа қатысты екенін табады **Ерте кәсіптік бағдар беру**	«Жақсы мен жаман» Шарты: Тәрбиеші әр түрлі жағдаяттарды айтады Балалар жақсы және жаман әрекеттерді ажыратып дұрыс жауапты таңдайды өз ойларын түсіндіреді **Біртұтас тәрбие**	«Қимылды қайтала» Шарты: Тәрбиеші әр түрлі қимылдарды көрсетеді Балалар сол қимылдарды қайталап орындайды Қимыл әрекеті	«Заттарды тап» Шарты: Тәрбиеші заттардың атауын айтады Балалар сол заттарды тауып көрсетеді Танымдық әрекет

Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	.	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** **«Дыбыстарды**	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы**	**Музыка** **Музыка тыңдау:** Ән мен күйді	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы**

		анық айтамыз» Артикуляциялық аппаратты дамыту, қазақ тіліне тән қ, ғ, ұ дыбыстарын анық әрі дұрыс айтуға үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Қ, ғ, ұ дыбыстарын жеке және сөз ішінде анық айтуға жаттықтыру. **Сөздік қор** Ертегі тыңдау арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Тыңдаған ертегінің мазмұнын түсініп, негізгі кейіпкерлер мен оқиғаны	**жаттығулар** Екі қолды белге қойып отырып-тұру, қолды жан-жаққа созу арқылы аяқ, арқа және иық бұлшық еттерін дамыту. **Негізгі қимылдар** Заттардан кезекпен аттап өту арқылы ептілік, үйлесімділік және қозғалыс дәлдігін қалыптастыру. **Қимылды ойындар** Жетекші рөлмен ойындар ұйымдастыру, балалардың біреуі жетекші болып, басқалары оның қимылын қайталау арқылы белсенділікті арттыру.	салыстыра тыңдау. Балалар айырмашылығын анықтайды. **Ән айту:** Әнді сүйемелдеусіз орындау. Таза дыбыстауға көңіл бөлу. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Сахналау элементтері арқылы ән мазмұнын көрсету. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Металлофонмен ырғақты сүйемелдеу. **Билер:** Музыка сипатына сәйкес жұптық би орындау. **Ойын:** «Қай музыка?» –	**жаттығулар** Қолды артқа апару, төмен түсіру, иықты қозғалтатын жаттығулар орындау арқылы арқа және иық бұлшық еттерін дамыту. **Негізгі қимылдар** «Жыланша» жүгіру арқылы бағытты өзгертіп қозғалу, ептілік пен жылдамдықты жетілдіру. **Қимылды ойындар** Құрсау және секіргішпен ойындар ойнау, құрсауды айналдыру, секіргішпен секіру арқылы қимыл белсенділігін арттыру.

		ажыратуға үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Жай сөйлемдерді дұрыс құрастыруға үйрету. Сөздерді дұрыс байланыстырып, толық және түсінікті сөйлемдер айту дағдыларын қалыптастыру. **Байланыстырып сөйлеу** Сұрақтарға толық әрі нақты жауап беруге үйрету. Өз ойын жүйелі жеткізіп, сөйлемдерді байланыстырып айту дағдыларын дамыту. **Әдіс-тәсілдер**	**Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, жеңіл дене жаттығулары арқылы денсаулықты нығайту. **Тыныс алу жаттығулары** Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару, терең тыныс алу, баяу дем шығару арқылы тыныс алу жүйесін дамыту	тыңдалған әуеннің ән бе, күй ме екенін ажырату.	**Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, денені жеңіл жаттығулармен шынықтыру арқылы денсаулықты нығайту. **Жалаң аяқ жүру** Жалаң аяқ әртүрлі беткейде жүру арқылы табан бұлшық еттерін нығайту және ағзаны шынықтыру.

		Жаттығу, қайталау, сұрақ-жауап, үлгі көрсету әдістерін қолдану. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау. **Тапсырмалар** Берілген дыбыстарды қайталап айту және сөз ішінде қолдану. Ертегі бойынша сұрақтарға жауап беру. Қарапайым сөйлемдер құрастыру. **Ойын: «Дұрыс айт»** Тәрбиеші қ, ғ, ұ дыбыстары бар сөздерді айтады, балалар сол сөздерді анық әрі			

		дұрыс қайталайды. Дыбыстарды дұрыс айтуға ерекше көңіл бөлінеді. Ойын арқылы балалардың сөйлеу дағдылары жетілдіріледі. **Музыка** **Музыка тыңдау:** Көңілді күй тыңдатылады. Балалар музыка қарқынын, көңіл күйін иллюстрацияларм ен салыстырады. **Ән айту:** Әнді мәнерлеп айту, дыбысты созу, қимылмен үйлестіру. Ән мазмұнын түсініп орындау.			

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкаға сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру (жай, жылдам). Қимылдарды музыкаға дәл келтіру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Металлофонда қарапайым әуенді қайталау. **Билер:** Ленталармен би қимылдарын орындау, қозғалысты әсем жеткізу. **Ойын:** «Қарқынды сез» – музыка өзгергенде балалар қимыл қарқынын			

		өзгертеді (жылдам/баяу).			
		Апталық дәйексөз «Ерлік – елге мұра.» **Тіл дамыту «Батырлар әлемі»** Балаларды батырлық, ерлік ұғымдарымен таныстыру (батыр, сарбаз, қорғаушы). Сөздік қорын «батыл», «ержүрек», «қорғау», «Отан» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстан басталатын сөздерді ажырату («б» дыбысы: батыр, батыл). Сөйлем құрау дағдыларын	**Тіл дамыту «Батыл бала»** Балаларды батылдыққа, өзіне сенімді болуға тәрбиелеу. Батыл баланың іс-әрекеттерін сипаттау (қорықпайды, көмектеседі, қорғайды). Сөздік қорын «батыл», «ержүрек», «қорықпайды», «көмектеседі» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстан басталатын сөздерді ажырату («б» дыбысы: батыл, бала). Антоним сөздерді қолдану (батыл–қорқақ, күшті–	**Тіл дамыту «Біз қорғаушылармыз»** Балаларды Отанды қорғау ұғымымен таныстыру, батырлық пен жауапкершілік туралы түсінік қалыптастыру. Сөздік қорын «Отан», «қорғау», «батыр», «ержүрек» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстарды ажырату («б», «қ» дыбыстары: батыр, қорғау). Антоним сөздерді қолдану (батыр–қорқақ, күшті–әлсіз). Сөйлем құрау, әңгіме айту дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», «Әңгіме құрастыр» ойыны,	**Тіл дамыту «Батырлар мерекесі»** Балаларды өз ойларын еркін айтуға, әңгіме құрауға және сахналауға үйрету. Батырлық, ерлік туралы түсініктерін бекіту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіру. Сөздік қорын «батыр», «ерлік», «қорғау» сөздерімен толықтыру. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, сахналау ойыны «Батырлар көрінісі») **Көркем әдебиет «Өленді мәнерлеп**

		дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», TRIZ «Егер батыр болмаса не болар еді?») **Көркем әдебиет «Батыр туралы өлең»** Балаларға батырлық туралы қысқа өлең тыңдату. Мазмұнын түсіну, жатқа айту, мәнерлеп айту. (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, рөлдік оқу) **Қазақ тілі «Батырды сипаттаймыз»** Балаларды	әлсіз). Сөйлем құрау және өз ойын толық жеткізу дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», «Қимылды қайтала», TRIZ «Егер сен батыр болсаң не істер едің?») **Көркем әдебиет «Батыр туралы өлеңді қайталау»** Балаларға өткен өлеңді қайталап айтқызу. Өлең мазмұнын түсіну, жатқа айту, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонация, үзіліс, логикалық екпінді дұрыс қолдану. (мәнерлеп оқу,	TRIZ «Егер сен қорғаушы болсаң не істер едің?») **Көркем әдебиет «Батырлар туралы шығарманы мазмұндау»** Балаларды тыңдалған шығарманың мазмұнын ретімен айтуға үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау, жақсы мен жаманды ажырату, жанашырлық таныту. (мазмұндау, сұрақ-жауап, «Кім не істеді?» ойыны) **Қазақ тілі «Біз Отанды қорғаймыз»** Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай және жайылма	**айту»** Балаларды өлеңді жатқа, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонация, кідіріс, логикалық екпінді дұрыс қолдану. (мәнерлеп оқу, рөлдік оқу) **Қазақ тілі «Батыр туралы әңгіме»** Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту. (диалог, сөздік ойын) **Математика негіздері «Кеңістікте бағдарлау»**

		батырды сипаттауға үйрету (батыл, күшті, мықты). Қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту. Жай сөйлемдер құрау, диалог дамыту. (диалог, сөздік ойын) **Математика негіздері «Сарбаздарды санаймыз»** 1–5 дейін санау. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап. Сарбаздарды жұппен салыстыру (тең/тең емес). («Санап көр», салыстыру) **Қоршаған**	«Жалғастыр» ойыны, «Кім дұрыс айтады?») **Қазақ тілі «Мен батылмын»** Балаларды өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын «батыл», «қорғаймын», «көмектесемін» сөздерімен толықтыру. Диалог құру дағдыларын дамыту. (диалог, сөздік ойын, «Сұрақ қой – жауап бер» ойыны) **Математика негіздері «Сарбаздар сапта»**	сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын «қорғаймын», «батырмын», «көмектесемін» сөздерімен толықтыру. (диалог, сөздік ойын, «Сөйлеп көр» ойыны) **Математика негіздері «Салыстырамыз және пішіндерді танимыз»** Балаларды заттарды ұзындығы, ені, биіктігі бойынша салыстыруға үйрету (ұзын-қысқа, биік-аласа). Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш,	Балаларды кеңістік бағыттарын анықтауға үйрету (оң, сол, алда, артта, жоғары-төмен). Заттардың орналасуын сөзбен сипаттау. (дидактикалық ойын «Қай жерде тұр?», практикалық жұмыс) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Қауіпсіздік және тәртіп»** Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету (электр құралдары, сіріңке, жолда жүру). Қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау.

		әлеммен таныстыру «Отан қорғаушылар» Балаларды әскери мамандықтармен таныстыру (сарбаз, ұшқыш, теңізші). Отанды қорғау – әр азаматтың міндеті екенін түсіндіру. (әңгімелесу, бақылау)	Балаларды 1–5 дейін санауға бекіту. Реттік санау (бірінші, екінші). «Нешінші?» және «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беру. Сарбаздарды қатарға қойып салыстыру (тең/тең емес). (дидактикалық ойын «Нешінші тұр?», «Санап көр», салыстыру, топтастыру) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Қауіпсіздік ережелері»** Балаларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру (өрттен сақтану, электр құралдарынан сақ	төртбұрыш) ажырату, көру және сипап сезу арқылы зерттеу. Салыстыру нәтижелерін сөзбен айтуға үйрету. (дидактикалық ойын «Қайсысы ұзын?», «Пішінді тап», практикалық жұмыс) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Табиғатты қорғаймыз»** Балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға үйрету. Қарапайым экологиялық ережелерді сақтау (қоқыс тастамау, өсімдікті жұлмау). Табиғатқа ұқыпты қарау – әр адамның міндеті екенін	(әңгімелесу, бақылау, ойын «Қауіпсіз бе?») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балалардың мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру. (әңгімелесу, ойын «Кім болғым келеді?») **Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»** Балаларға сатып алу-сату әрекеттерін бекіту. Ақша арқылы зат алу дағдыларын дамыту.

			болу, сіріңкемен ойнамау). Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға үйрету. (әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын «Қауіпсіз бе?») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды құтқарушы, өрт сөндіруші мамандықтарымен таныстыру. Бұл мамандықтардың адамдарды қорғаудағы маңызын түсіндіру. Әр адамның өмір сүруге және қауіпсіздікке құқығы бар екенін ұғындыру. (әңгімелесу, ойын	түсіндіру. (әңгімелесу, бақылау, тәжірибе, ойын «Табиғатты қорға») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды еңбек түрлерімен таныстыру. Әр адамның еңбегі маңызды екенін түсіндіру. Әр адамның қауіпсіздікке және қорғауға құқығы бар екенін ұғындыру. (әңгімелесу, ойын «Еңбек не үшін керек?»)	(рөлдік ойын «Дүкен») **Сурет салу «Мерекелік сурет»** Балаларды мерекелік көріністі бейнелеуге үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру. (шығармашылық жұмыс)

			«Кім не істейді?»)		
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Мамыр айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты				

	орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап		**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Әскери мамандықтар туралы түсінік беру. Әр адамның	**Қаржылық сауаттылық элементі «Әскери дүкен»** Балаларға әскери киімдер мен құралдардың дүкенде	**Қаржылық сауаттылық элементі «Еңбек – табыс көзі»** Балаларға еңбек арқылы табыс табылатынын түсіндіру. Еңбек	**Мүсіндеу «Батыр»** Балаларды батыр бейнесін мүсіндеуге үйрету. Әртүрлі бөліктерді біріктіру. (практикалық жұмыс)

қарау және басқалары)		өз елін қорғауға құқығы мен міндеті бар екенін түсіндіру. (әңгімелесу, ойын) **Қаржылық сауаттылық элементі «Әскери киімдер дүкені»** Заттардың еңбек нәтижесі екенін түсіндіру. Сатып алу-сату әрекеттерін ойын арқылы көрсету. (рөлдік ойын «Дүкен») **Сурет салу «Әскери техника»** Әскери көліктерді бейнелеу, түстерді қолдану. **Мүсіндеу «Сарбаз»** Ермексаздан	сатылатынын түсіндіру. Еңбек нәтижесінде пайда болатын заттарды сатып алу әрекетін көрсету. (рөлдік ойын «Дүкен») **Сурет салу «Батыр бала»** Балаларды батыр баланың бейнесін салуға үйрету. Түрлі түстерді қолдану, бояуларды үйлестіру. (дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс) **Мүсіндеу «Қалқан»** Балаларды ермексаздан қалқан жасауға үйрету. Домалақтау, қысу, тегістеу әдістерін	нәтижесінде заттар жасалатынын көрсету. (әңгімелесу, ойын «Не үшін еңбек етеміз?») **Сурет салу «Табиғатты қорғаймыз»** Балаларды табиғатты қорғау тақырыбында сурет салуға үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру, бояуларды араластыру арқылы жаңа реңктер шығару. (дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс) **Мүсіндеу «Табиғат бұрышы»** Балаларды табиғат элементтерін (ағаш, гүл, шөп) мүсіндеуге үйрету. Домалақтау,	**Жапсыру «Ортақ жұмыс»** Балаларды ұжымдық жұмысқа баулу. Композиция құру. (топтық жұмыс) **Құрастыру «Әскери қала»** Балаларды құрылыс материалдарынан қала құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру. (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын)

		сарбаз жасау. **Жапсыру «Ту»** Ту бейнесін құрастыру. **Құрастыру «Әскери база»** Құрылыс материалдарынан база жасау.	қолдану. (практикалық жұмыс) **Жапсыру «Медаль»** Балаларды медаль жасауға үйрету. Элементтердің ретін сақтап, композиция құру. (үлгі бойынша жұмыс) **Құрастыру «Қорған»** Балаларды құрылыс материалдарынан қорған жасауға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру. (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын)	созу, біріктіру әдістерін қолдану. (практикалық жұмыс) **Жапсыру «Ұжымдық композиция»** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға үйрету. Элементтердің ретін сақтап, композиция құрастыру. (үлгі бойынша жұмыс, топтық жұмыс) **Құрастыру «Табиғи материалдардан құрастыру»** Балаларды табиғи материалдардан (жапырақ, дән, қағаз) құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру. (шығармашылық	

				ойын, практикалық жұмыс)	
Балалар мен жеке жұмыс		Әңгіме құрастыр Шарты: Бала сурет бойынша қысқа әңгіме құрайды	Өлең жаттау Шарты: Бала қысқа өлеңді мәнерлеп қайталап айтады	Дыбысты дұрыс айт Шарты: Бала ө қ ү ұ і ғ дыбыстары бар сөздерді анық айтады	Сұраққа жауап бер Шарты: Бала қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап береді
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**					
Серуен		«Түлкі мен балапандар» Шарты: Бір бала түлкі болады Қалғандары балапандар Түлкі балапандарды қуады Ұсталған	«Ақ серек көк серек» Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді Бір топ қарсы топтан баланы шақырады Шақырылған бала жүгіріп келіп	«Мысық пен тышқандар» Шарты: Бір бала мысық болады Қалғандары тышқандар Мысық тышқандарды ұстайды Ұсталған	«Жалаушаны әкел» Шарты: Балалар белгі бойынша жүгіріп барып жалаушаны алып қайтуы керек

		бала түлкіге айналады	тізбекті бұзуға тырысады	бала мысық болады	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тексерілді: **Г. Арысова.**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 2026 жыл 3 апта

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы
Мектепке дейінгі ұйымы: «Нұр-Аяла» балабақшасы» ЖШС
Топ:«Сұңқар» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тәрбиеші: Р.Мамбетшиеева
Қандай кезеңде жасалды: 18.05-22.05.2026 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.05.2026 ж	Сейсенбі 19.05.2026 ж	Сәрсенбі 20.05.2026 ж	Бейсенбі 21.05.2026 ж	Жұма 22.05.2026 ж
Тақырыбы:	**«Жақсылық – жанға жылу»**				
Апта дәйек сөзі:	**«Жақсылық деген не?»**				
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				

	Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Сұрақ жауап» Шарты: Балалар бір біріне қарапайым сұрақтар қойып толық жауап береді Коммуникативтік әрекет	«Сурет сал» Шарты: Балалар берілген тақырып бойынша сурет салып өз жұмысын әңгімелейді Бейнелеу әрекеті	«Құрастыр» Шарты: Балалар құрылыс материалдарынан өз ойымен түрлі заттар құрастырады Шығармашылық әрекет	«Тәжірибе жаса» Шарты: Балалар қарапайым тәжірибе жасап нәтижесін бақылайды және айтады Эксперименталдық әрекет	«Ойыншықтарды жина» Шарты: Балалар ойыннан кейін ойыншықтарды өз орнына жинайды Еңбек әрекеті
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.				

	Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар** Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату, бір аяқты жоғары көтеріп, оның	**Қазақ тілі Тақырыбы: «Ертегіні түсінеміз»** Оқиғаны саралап, негізгі ойды анықтауға баулу. Тыңдау және түсіну қабілеттерін	**Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар** Қимылдарды қайталау арқылы қол, аяқ және дене қозғалыстарын дұрыс орындау, бұлшық еттерді дамыту.	**Музыка Музыка тыңдау:** Қазақ әнін тыңдап, мазмұнын иллюстрация арқылы анықтау. **Ән айту:** Әнді сүйемелдеумен және	**Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта және кезекпен), төмен түсіру, қолды арқаға апару,

	астынан затты бір қолдан екінші қолға беру арқылы үйлесімділікті жетілдіру. Екі аяқты кезекпен алға қою (алдымен өкше, кейін аяқ ұшы), тарсылдату, қатарынан 4–5 рет жартылай отырып-тұру, екі қолды белге қойып және жан-жаққа созып отырып-тұру арқылы аяқ бұлшық еттерін нығайту. **Негізгі қимылдар** Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, басына қапшық	дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Сөйлеу қарқынын сақтап, анық әрі түсінікті сөйлеуге жаттықтыру. Сөздерді дұрыс дыбыстап, сөйлемді мәнерлеп айту дағдыларын қалыптастыру. **Сөздік қор** Көркем сөздер мен ертегіге тән сөздерді меңгерту. Жаңа сөздердің мағынасын түсініп, сөйлеу барысында қолдануға үйрету.	**Негізгі қимылдар** Шашырап жүгіру, белгі бойынша тоқтау және қайта қозғалу арқылы жылдамдық пен бағдарлау қабілетін жетілдіру. допты кедергілер арқылы екі қолмен және бір қолмен лақтыру (2 м); допты жоғары лақтырып, қатарынан 3–4 рет екі қолмен қағып алу **Қимылды ойындар** Доптармен және секіргіштермен ойын: балалар допты лақтырып-қағып алады немесе секіргішпен секіреді, ережені сақтай отырып ойнайды, қимыл белсенділігі менептілік дамиды. **Сауықтыру-**	сүйемелдеусіз айту. Интонацияны сақтау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Таныс әнді рөлдерге бөліп сахналау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Металлофонда топпен орындау. **Билер:** Еркін би қозғалыстарын орындау. **Ойын:** «Рөлді тап» – балалар ән мазмұнына сәйкес рөл таңдап, қимылмен көрсетеді	белге және кеуде тұсына қою, қолдарды алға-артқа сермеу арқылы иық пен қол бұлшық еттерін дамыту. **Негізгі қимылдар** Лақтыру, домалату, қағып алу дағдыларын дамыту: заттардың арасымен доптар мен құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды 3,5–6,5 метр қашықтыққа лақтыру; оң және сол қолмен көлденең нысанаға (2–2,5 м), тігінен қойылған нысанаға (1,5 м) дәлдеп лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра

	қойып жүру арқылы дене қалпын түзу ұстау және үйлесімділікті қалыптастыру. **Қимылды ойындар** «Кім жылдам?» ойыны: балалар белгі бойынша жүгіріп, берілген нүктеге бірінші болып жетуге тырысады, жылдамдық пен ептілік дамытылады. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, жеңіл дене жаттығулары	**Тілдің грамматикалық құрылымы** Жайылма сөйлемдер құрастыруға үйрету. Сөйлемді толық, мазмұнды және дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. **Байланыстырып сөйлеу** Ертегіні қысқаша әңгімелеуге үйрету. Оқиғаның негізгі бөліктерін сақтай отырып, өз сөзімен жеткізуге дағдыландыру. **Әдіс-тәсілдер** Әңгімелеу, талдау, сұрақ-жауап, бағыттау	**шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, ауызды шаю, су процедураларын қолдану арқылы денсаулықты нығайту.		лақтыру және қағып алу (1,5 м);. **Қимылды ойындар** Белсенді ойын «Допты дәл жеткіз»: балалар екі топқа бөлініп, белгі бойынша допты бір-біріне домалатып немесе лақтырып, белгіленген орынға жеткізуге тырысады, ойын барысында ережені сақтап, дәлдік пен жылдамдықты дамытады. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, су процедураларын қолдану, жеңіл

